

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқармасының
_____ ж. № _____ шешімімен
бекітілген

Утверждено
Решением Правления
АО «Банк ЦентрКредит»
№ _____ от

**«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы
Кепілдік шығару бойынша стандарт талаптары
(Қосылу шарты) /
Стандартные условия выпуска
Гарантий через Систему Интернет-Банкинг АО «Банк ЦентрКредит»
(Договор присоединения)**

Мазмұны	Содержание
1 Негізгі ұғымдар	Основные понятия
2 Жалпы қағида	Общие положения
3 Шарттың мәні	Предмет договора
4 Кепілгердің қызметіне ақы төлеу	Оплата услуг Гаранта
5 Кепілдікті қамсыздандыру	Обеспечение Гарантии
6 Кепілгердің құқықтары мен міндеттері	Права и обязанности Гаранта
7 Принципалдың кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері	Гарантии, права и обязанности Принципала
8 Тараптардың жауапкершілігі	Ответственность сторон
9 Электрондық банктік қызметтер («Интернет-банкинг» жүйесі)	Электронные банковские услуги (Система Интернет-Банкинг)
10 Конфиденциалдылық және адалдық туралы келісім	Конфиденциальность и соглашение о честности
11 Форс-мажор жағдайлары	Форс-мажорные обстоятельства
12 Даулы мәселелерді шешу тәртібі және өзге талаптар	Порядок разрешения споров и прочие условия

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Банк/Кепілгер – «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы, оның филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері.

Бенефициар – оның пайдасына кепілдік шығарылатын және берілген Кепілдіктің талаптарына сәйкес Принципалдың міндеттемелерін орындау бойынша қанағат алуға қатысты Кепілгерге талап қоюға құқығы бар тұлға.

Бизнес-клиент/Клиент/Принципал – заңды тұлға, жеке кәсіпкер, оның тапсырмасы бойынша Банк Бенефициардың алдында оның міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындауын қамтамасыз ететін Кепілдік шығарады.

Кепілдік – Кепілдікте көрсетілген сома шегінде және талаптармен Банктің Клиенттің Бенефициарына ақша төлеу туралы жазбаша міндеттемесі.

Төлем кепілдігі – Клиенттің Келісімшарттың талаптарын орындауын қамсыздандыру ретінде Банк Бенефициардың – Келісімшарт бойынша контрагенттің пайдасына шығаратын Кепілдік.

Тендерлік кепілдік – Клиенттің тендерлік / конкурстық / аукциондық құжаттаманың талаптарын орындауын қамсыздандыру ретінде Банк Бенефициардың – тендерді / конкурсты / аукционды ұйымдастырушының пайдасына шығаратын Кепілдік.

1. ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ

Банк/Гарант – Акционерное общество «Банк ЦентрКредит», его филиалы и их структурные подразделения.

Бенефициар – лицо, в пользу которого выпускается Гарантия, и имеющее право на предъявление Гаранту требований на получение удовлетворения по исполнению обязательств Принципала в соответствии с условиями выданной Гарантии.

Бизнес-клиент/Клиент/Принципал – юридическое лицо, индивидуальный предприниматель, по поручению которого Банк выпускает Гарантию, обеспечивающую надлежащее исполнение его обязательств перед Бенефициаром.

Гарантия – письменное обязательство Банка об оплате Бенефициару Клиента денег, в пределах суммы и на условиях, указанных в Гарантии.

Гарантия Платежная (платежная Гарантия) – Гарантия, выпускаемая Банком в пользу Бенефициара – контрагента по Контракту – в качестве обеспечения исполнения Клиентом условий Контракта.

Гарантия Тендерная (тендерная Гарантия) – Гарантия, выпускаемая Банком в пользу Бенефициара – организатора тендера/конкурса/аукциона – в качестве обеспечения исполнения Клиентом требований тендерной/конкурсной/аукционной документации.

Шарт / Қосылу шарты / Стандарт талаптар – Клиенттің «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Интернет-банкинг жүйесі арқылы Банкке тиісті түрде қол қойылған Өтініш беруі арқылы жасалатын, «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Интернет-банкинг жүйесі арқылы Кепілдік шығаруға мүмкіндік беретін, Банк пен Клиенттің арасында жасалатын осы Шарт. Бұл Шарт Банк пен Клиенттің арасында Лимит туралы келісімнің аясында жасалады.

Өтініш – (i) Клиенттің «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Интернет-банкинг жүйесі арқылы Кепілдік шығару бойынша стандарт талаптарға қосылғанын (яғни Банкпен Қосылу шартын жасау фактісін); Клиенттің «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесімен және Тарифтермен сөзсіз келісетінін растайтын және Клиенттің Бенефициардың пайдасына Кепілдік шығару туралы Банк алдындағы өтінішхатын қамтитын Банк белгілеген нысандағы құжат. Өтініш «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Интернет-банкинг жүйесі арқылы беріледі және Клиент оған Электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қояды.

Кепіл беруші – Кепілге беру шартына қол қоятын, Кепілдікті қамсыздандыру үшін Банкке кепілге мүлік беретін Принципал/үшінші тұлға.

Келісімшарт – Принципал мен Бенефициар арасында жасалатын келісім. Осы келісімнің талаптарына сәйкес Кепілдік беру талап етіледі.

Комиссиялық сыйақы – Кепілдік беру үшін Өтініште белгіленген мөлшерде алынатын төлем.

Комиссия – Банктің Тарифтеріне сәйкес белгіленген мөлшерде Кепілдік беру лимитін ашқаны үшін Банк Принципалға есептеген комиссия.

Қамсыздандыру/Кепілдік бойынша қамсыздандыру – кепіл / қардарлық, кепіл болу, тұрақсыздық айыбы, үшінші тұлғалардың кепілдігі және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген Шарт / Қосылу шарты / Стандарт талаптар / Лимит туралы келісім бойынша Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етудің басқа тәсілдері.

Договор / Договор присоединения / Стандартные условия – настоящий договор между Банком и Клиентом, заключаемый путем подачи Клиентом соответствующего подписанного Заявления в Банк посредством Системы Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит», позволяющий осуществление выпуска Гарантий через Систему Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит». Данный Договор заключается в рамках заключенного Соглашения о лимите между Банком и Клиентом.

Заявление – документ установленной Банком формы, подтверждающий факт: (i) присоединения Клиента к Стандартным условиям выпуска Гарантий через Систему Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит» (то есть факт заключения Договора присоединения с Банком); безусловного согласия Клиента с Правилами об общих условиях проведения операций АО «Банк ЦентрКредит» и Тарифами; и содержащий ходатайство Клиента перед Банком о выпуске Гарантии в пользу Бенефициара. Заявление подается через Систему Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит» и подписывается Клиентом посредством Электронной цифровой подписью.

Залогодатель – Принципал/ третье лицо, подписывающее Договор залога, предоставляющее имущество в залог Банку, для обеспечения Гарантии.

Контракт – соглашение между Принципалом и Бенефициаром, согласно условиям которого требуется предоставление Гарантии.

Комиссионное вознаграждение – плата в установленном Заявлении размере за предоставление Гарантии.

Комиссия – комиссия, начисленная Банком Принципалу за открытие Лимита предоставления гарантий в размере, установленном в соответствии с Тарифами Банка.

Обеспечение/Обеспечение по Гарантии – залог/заклад, поручительство, неустойка, гарантии третьих лиц и другие способы обеспечения обязательств Клиента перед Банком по Договору/Договору присоединения/Стандартным условиям/Соглашению о лимите, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

«Интернет-банкинг» жүйесі/Жүйе/ИБЖ – Клиенттің Банкке келуін талап етпейтін Клиенттерге қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі. Клиент банктік шоттарды Клиентке ыңғайлы уақытта Интернет желісі арқылы Online – нақты уақыт режимінде басқарады.

Лимит туралы келісім – Банк пен Клиент арасында жасалатын Кепілдік беру лимитін белгілеу туралы шарт. Банктің Кепілдік шығару бойынша ерекше талаптарды белгілеуі және Қамсыздандырудың тізбесін анықтау мақсатында жасалады.

Электрондық цифрлық қолтаңба/ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба құралдары арқылы жасалған және электронды құжаттың шынайылығын, оның сол тұлғаға тиесілілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын, сонымен қатар құжатты жіберген тұлғаны анықтайтын электронды цифрлық белгілердің жиынтығы.

2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА

2.1. Осы Шарт Азаматтық кодекстің 389-бабының аясында әзірленген және ол Банк пен осы Шарттың талаптарына қосылған Бизнес-клиенттердің құқықтық қарым-қатынастарына қолданылады.

2.2. Осы Шарттың талаптарын Банк белгілеген және олар Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында жарияланған. Осы Шарт жасалғанға дейін Клиент Банспен қағаз тасымалдағышта Лимит туралы келісімге қол қояды, кейін Банктің Шарт пен Лимит туралы келісімнің аясында Кепілдік шығаруы мақсатында ИБЖ арқылы электрондық тасымалдағышпен Клиент электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған өтініш береді, Клиенттің Банкке берген өтініші Клиенттің осы Шартты қосылу арқылы жасағаны туралы сөзсіз растауы болып табылады.

2.3. Принципал осы Шарттың талаптарын тек осы Шартқа тұтастай, толық көлемде қосылу жолымен қабылдайды және Принципал мұнымен сөзсіз келіседі. Принципалдың осы Шарттың талаптарын қабылдауы Банк белгілеген нысанда Банктің бөлімшесінде қағаз тасымалдағышта немесе ЭЦҚ қолдана отырып, «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы электронды түрде сәйкес Өтінім беру жолымен көрсетіледі.

Система Интернет-Банкинг /Система/СИБ – система дистанционного банковского обслуживания Клиентов, не требующая посещения Клиентом подразделений Банка. Управление Клиентом банковскими счетами производится в режиме реального времени – Online через сеть Интернет в удобное для Клиента время.

Соглашение о лимите – договор между Банком и Клиентом об установлении лимита предоставления гарантий. Заключается в целях установления особых условий выпуска Банком Гарантий и определения перечня Обеспечения.

Электронная цифровая подпись/ЭЦП – набор электронных цифровых символов, созданный средствами электронной цифровой подписи и подтверждающий достоверность электронного документа, его принадлежность и неизменность содержания, а также установление лица, отправившего документ.

2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

2.1. Настоящий Договор разработан в рамках статьи 389 Гражданского кодекса и его действие распространяется на правоотношения Банка и Бизнес-клиентов, присоединившихся к условиям настоящего Договора.

2.2. Условия настоящего Договора определены Банком и опубликованы на интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz. До заключения настоящего Договора, Клиент подписывает с Банком Соглашение о лимите на бумажном носителе, а затем, в целях выпуска Банком Гарантий в рамках Договора и Соглашения о лимите, подает Заявление на электронном носителе через СИБ, подписанное Клиентом Электронной цифровой подписью, и Заявление, поданное Клиентом в Банк, является беспорным подтверждением Клиента о заключении настоящего Договора путем присоединения.

2.3. Условия настоящего Договора могут быть приняты Принципалом не иначе как путём присоединения к настоящему Договору в целом, в полном объёме, с чем Принципал безусловно согласен. Принятие Принципалом условий настоящего Договора выражается путём подачи Принципалом соответствующего Заявления, по форме установленной Банком на бумажном носителе в отделении Банка или в электронном виде

2.4. Өтініште бизнес-клиент Өтініш берген күні Банк ұсынатын Кепілдіктер бойынша банктік операциялардың түрлері көрсетіледі. Принципал өзіне қажетті банктік кепілдіктің түрін таңдайды және Өтініште сәйкес белгілерді қою жолымен оферта жібере отырып, Банкке осы Шартты жасасуды ұсынады, ал Банк Бизнес-клиенттің офертасын акцептілейді, бұл Банктің белгі қоюымен расталады.

2.5. Шартқа жасалған Өтініш, Лимит туралы келісім және осы Стандарт талаптар барлық уақытта бірге қолданылады және бір құқықтық құралды білдіреді.

2.6. Банк Өтініште көрсетілген Принципалдың офертасын акцептілеген сәтке дейін Банктің Принципал алдында міндеттемесі болмайды.

2.7. Банк Принципалдың офертасын акцептілеген жағдайда, Банк пен Принципал қол қоятын барлық құжаттар, соның ішінде «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы жіберілген құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда ресімделген болып есептеледі. Осы Шарт жасалғаннан кейін Тараптар құқықтарға ие болады, өздеріне барлық тиісті міндеттемелерді қабылдайды, сонымен қатар осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны / тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

2.8. Өтінішке қол қоя отырып, Принципал:

2.8.1. дербес деректер субъектілерінің ақпаратын қоса алғанда, соның ішінде қағаз, электронды және кез келген тасымалдағышта тіркелген өзі туралы дербес деректерді жинауға, өңдеуге және оларды барлық мемлекеттік/мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға жария етуге келісетінін растайды. Бұл кезде, Банк берілген дербес деректерді ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып жария етуі тиіс.

2.8.2. Өзі туралы мәліметті және борышкер тұлғаның өтініші бойынша банк берген кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы мәліметті банктің кредиттік бюроға беруіне келіседі.

посредством Системы Интернет-Банкинг с использованием ЭЦП.

2.4. Заявление содержит виды банковских операций по Гарантиям, предлагаемых Банком на дату подачи Бизнес-клиентом Заявления. Принципал выбирает

необходимый для себя вид банковской Гарантии и предлагает Банку заключить настоящий Договор, направив оферту путём проставления соответствующих отметок в Заявлении, а Банк акцептирует оферту Бизнес-клиента, что подтверждается отметкой Банка.

2.5. Заявление к Договору, Соглашение о лимите и настоящие Стандартные условия неотъемлемы друг от друга и представляют собой единый правовой инструмент.

2.6. Банк не несёт обязательств перед Принципалом до момента акцепта Банком оферты Принципала, содержащейся в Заявлении.

2.7. В случае акцепта Банком оферты Принципала все документы, подписываемые Банком и Принципалом, в том числе направленные посредством Системы Интернет-Банкинг, считаются оформленными в письменной форме согласно действующего законодательства Республики Казахстан. После заключения настоящего Договора, Стороны приобретают права, принимают на себя все соответствующие обязательства, а также несут ответственность за неисполнение/ненадлежащее исполнение указанных обязательств, согласно условиям настоящего Договора.

2.8. Подписанием Заявления Принципал подтверждает, что:

2.8.1. Согласен на сбор, обработку и распространение персональных данных о нем во все государственные / негосударственные органы, организации, включая информацию субъектов персональных данных, в том числе зафиксированные на бумажном, электронном и любом ином носителе. При этом, предоставленные персональные данные подлежат распространению Банком с учётом ограничений, установленных законодательством РК.

2.8.2. Согласен на представление банком сведений о нем и выданных банком по заявлению лица-должника гарантиях или поручительствах в кредитные бюро.

2.8.3. «Банк ЦентрКредит» АҚ Кепілдіктер (төлем және тендерлік) берудің жалпы талаптарымен танысқанын растайды.

2.8.4. Кепілдіктер (төлем және тендерлік) беру талаптары, Тарифтер, осы Шартты жасауға қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы жауапкершілік пен ықтимал тәуекелдер туралы ақпараттың берілгенін растайды.

2.8.5. «Банк ЦентрКредит» АҚ Кепілдіктер (төлем және тендерлік) беру талаптарымен, Банктің тарифтерімен және осы Шарттың талаптарымен танысуға қажетті уақыт берілгенін растайды.

2.8.6. Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсына орналастырылған және Банк бөлімшелерінің барлық операциялық залдарына басып шығарылған осы Шарттың барлық талаптарымен келісетінін және Банктің тарифтеріне енгізілген өзгерістерді қоса алғанда, оларды сөзсіз қабылдайтынын растайды.

2.8.7. Банк көрсететін қызметтер үшін алынатын Тарифтердің ұлғаю жағына қарай өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін екеніне келісетінін және www.bcc.kz мекенжайы бойынша және Банк бөлімшелеріндегі ақпараттық стендтерде орналастырылған, Шарт бойынша қызмет көрсеткен сәтте қолданыста болған Тарифтер бойынша көрсетілген қызмет үшін төлем жасауға келісетінін растайды.

2.8.8. Шарттың жаңа нұсқасын және/немесе Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсына орналастыру және Банк бөлімшелерінің барлық операциялық залдарына басылған күйде орналастыру жолымен Шартқа өзгеріс пен толықтыру енгізуге келісетінін растайды.

2.8.9. Шартта Принципалға ауыртпалық салатын, Клиент өзінің саналы мүддесіне байланысты оларды қабылдамайтындай қандай да бір талаптардың жоқ екенін растайды.

2.8.10. Банкте қол қойылған Лимит туралы келісім және Өтініш болғандықтан, Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/ қабылдамағанының дәлелі ретінде осы Шартта қолтаңбасының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқтығын растайды.

2.8.3. Ознакомлен с общими условиями предоставления Гарантий (платежных и тендерных) АО «Банк ЦентрКредит».

2.8.4. Предоставлена информация об условиях предоставления Гарантий (тендерных и платежных), Тарифах, перечне необходимых документов для заключения настоящего Договора, ответственности и возможных рисках в случае невыполнения обязательств по Договору.

2.8.5. Предоставлено необходимое время на ознакомление с условиями предоставления Гарантий (тендерных и платежных) АО «Банк ЦентрКредит», Тарифами Банка и условиями настоящего Договора.

2.8.6. Согласен со всеми условиями настоящего Договора, размещённым на интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz и в распечатанном виде во всех операционных залах отделений Банка и безоговорочно принимает их, включая изменения Тарифов Банка.

2.8.7. Согласен, что Тарифы за услуги Банка могут быть изменены и/или дополнены в сторону увеличения и согласен на оплату услуг по Тарифам, действующим на момент оказания услуг по настоящему Договору и размещенным по адресу: www.bcc.kz и на информационных стендах в отделениях Банка.

2.8.8. Согласен на изменение и/или дополнение условий настоящего Договора путём размещения новой редакции Договора и / или внесённых изменений и/или дополнений в Договор на интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz и в распечатанном виде во всех операционных залах отделений Банка.

2.8.9. Договор не содержит каких-либо обременительных для Принципала условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы.

2.8.10. Не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на настоящем Договоре как доказательство того, что Договор не был им прочитан / понят / принят, поскольку у Банка имеется подписанное Соглашение о лимите и Заявление.

2.8.11. Шарттың барлық қағидалары Принципалдың мүддесі мен қалауына толық көлемде сәйкес келетінін растайды.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Лимит туралы келісімге сәйкес Банк Принципалға Кепілдік берудің белгіленген лимиті аясында Бенефициардың пайдасына Банктік кепілдік беруге міндеттенеді.

3.2. Кепілдік Принципалдың «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы Кепілдік шығаруға өтінім беруі арқылы белгіленген лимит сомасының аясында және Принципал Шарттың және Лимит туралы келісімнің қағидаларын толық көлемде орындаған кезде ғана беріледі.

3.3. Кредиттік бюроның деректер базасына Банктің Принципал, жасалатын мәміле туралы мәліметтерді, Принципал мен Банктің Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруіне, кредиттік бюролардан кредиттік есептерді шығарып беруге, сонымен қатар кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамаға сәйкес ұсынылуы қажет болуы мүмкін тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты және басқа да мәліметтерді беруге Принципалдың жазбаша келісімі болған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Принципалдың өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюролардан кредиттік есептерді шығарып беруге келісімдері осы Келісімнің аясында берілетін барлық кепілдікке қатысты қолданылады.

3.4. Принципал Келісімнің қағидаларын толық көлемде орындаған жағдайда, соның ішінде:

- Банктің құжаттарды ресімдеуге, Банктің барлық құқық белгілейтін, растайтын және кепілдік беруге қатысты өзге құжаттарды ресімдеуге қоятын барлық талаптарын сақтаған;
- Қамсыздандыру жеткілікті болған, кепіл мен қамсыздандырудың өзге түрлерін тиісті дәрежеде ресімдеген және тіркеген;
- осы Келісімде белгіленген өзге кепілдіктер мен міндеттемелерді толық көлемде орындаған жағдайда, Кепілдіктер толық көлемде берілетін болады.

3.5. Осы Шартқа қосылғанға дейін белгіленген Лимит туралы келісім аясында шығарылған

2.8.11. Все положения настоящего Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Принципала.

3. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

3.1. Банк обязуется предоставить Принципалу банковскую Гарантию в пользу Бенефициара, в рамках установленного лимита предоставления Гарантий, согласно Соглашению о лимите.

3.2. Предоставление гарантий осуществляется в рамках установленной суммы лимита путем подачи Принципалом Заявления на выпуск гарантий через Систему Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит» и при условии выполнения Принципалом положений Договора и Соглашения о лимите в полном объеме.

3.3. Предоставление гарантий осуществляется при наличии письменного согласия Принципала на предоставление Банком в базу данных кредитных бюро сведений о Принципале, заключаемой сделке, информации, связанной с исполнением Принципалом и Банком своих обязательств по Договору и Соглашению, выдачу кредитных отчетов из кредитных бюро, а также иных сведений, предоставление которых может потребоваться в соответствии с законодательством о кредитных бюро и формировании кредитных историй. Указанные согласия Принципала на предоставление информации о нём в кредитное бюро и выдачу кредитного отчета из кредитных бюро распространяются на все выдачи в рамках Соглашения.

3.4. Гарантии будут предоставлены при условии выполнения Принципалом положений Соглашения в полном объеме, в том числе:

- соблюдения всех требований Банка, предъявляемых к оформлению документов, получения Банком всех правоустанавливающих, подтверждающих и иных необходимых документов, касающихся предоставления гарантий,
- достаточности Обеспечения, надлежащего оформления и регистрации залога и других видов обеспечения,
- выполнения прочих гарантий и обязательств, установленных настоящим Соглашением, в полном объеме.

3.5. Банковские гарантии, выпущенные в рамках установленного Соглашения о лимите,

банктік кепілдіктер Принципал өз міндеттемелерін орындаған сәтке дейін өз күшін сақтайды.

3.6. Егер Принципалға «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Интернет-банкинг жүйесі арқылы Кепілдік шығару мүмкіндігін көздемейтін кепілдік бойынша лимит бұрын белгіленбесе, Принципал белгіленген лимитке қосымша келісім жасауы қажет.

3.7. Банктік кепілдіктің әрбір түрі бойынша Банк Банктік кепілдікке жеке нөмір береді.

3.8. Кепілдіктің түрі, сомасы және валютасы, Кепілдік міндеттеменің мақсаты, тендердің/конкурстың/аукционның атауы немесе Келісімшарттың атауы, нөмірі және күні, тендерді ұйымдастырушы немесе келісімшарт бойынша контрагенттің атауы, Кепілдіктің қолданыс мерзімі, қамсыздандыру, Кепілдік берілетін орын Өтініште көрсетіледі.

3.9. Кепілдік (тендерлік және төлем) беру талаптары туралы ақпарат www.bcc.kz мекенжайы бойынша Банктің интернет-ресурсында және банк бөлімшелерінің барлық операциялық залдарында орналастырылған.

3.10. Осы Қосылу шарты Клиент ЭЦҚ-ны қолданумен Интернет-банкинг жүйесі арқылы Өтініш берген сәттен бастап күшіне енеді және Принципал осы Шарт және Лимит туралы келісім бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады. Принципал осы Шарт пен Лимит туралы келісімнің барлық талаптары және оларды орындамаудың салдары оған мәлім екенін растайды. Сондай-ақ осы Шартты жасағанға дейін Банктің операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережесімен Принципалдың танысқанын растайды.

3.11. Банктік Кепілдік бойынша талаптар Өтініште көрсетілген Кепілдіктің қолданыс мерзімі бойы қойылады, бұл мерзім аяқталғаннан кейін оның да заңдық күші жойылады. Бұл кезде банктік кепілдіктің қолданыс мерзімі Принципал Өтініште көрсеткен мерзімге сәйкес болуы тиіс.

3.12. Принципал Келісімнің, Шарттың, Өтініштің талаптарын бұзған кезде, белгіленген лимит сомасын Банк кез келген уақытта Принципалға хабарламай-ақ біржақты тәртіппен азайта алады.

до присоединения к настоящему Договору, сохраняют силу до момента исполнения обязательств Принципалом.

3.6. В случае, если ранее Принципалу уже был установлен лимит по гарантиям, не предусматривающий возможность выпуска Гарантий через Систему Интернет–Банкинг АО «Банк ЦентрКредит», Принципалу необходимо заключить дополнительное соглашение к установленному лимиту.

3.7. По каждой из видов банковской Гарантии Банк присваивает отдельный номер банковской Гарантии.

3.8. Вид, сумма и валюта Гарантии, цель Гарантийного обязательства, наименование тендера/конкурса/аукциона или наименование, номер и дата Контракта, организатор тендера или наименование контрагента по контракту, срок действия Гарантии, обеспечение, место выдачи Гарантии указываются в Заявлении.

3.9. Информация об условиях предоставления Гарантий (тендерных и платежных), размещена на интернет-ресурсе Банка по адресу: www.bcc.kz и во всех операционных залах отделений Банка.

3.10. Настоящий Договор присоединения вступает в силу с момента подачи Клиентом Заявления посредством Системы Интернет-банкинг с использованием ЭЦП и действует до полного исполнения Принципалом своих обязательств перед Банком по настоящему Договору и Соглашению о лимите. Принципал подтверждает, что все условия и последствия невыполнения условий настоящего Договора и Соглашения о лимите ему известны. Подтверждает, что до заключения настоящего Договора Принципал был ознакомлен с Правилами об общих условиях проведения операций Банка.

3.11. Требования Бенефициара по банковской Гарантии предъявляются в течение срока её действия, указанного в Гарантии, по истечении которого она утрачивает юридическую силу. При этом, срок действия банковской Гарантии должен соответствовать сроку, указанному Принципалом в Заявлении.

3.12. При нарушении Принципалом условий Договора и/или Соглашения, сумма установленного лимита может быть уменьшена Банком в одностороннем порядке в любое время без уведомления Принципала.

4. КЕПІЛГЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

4.1. Кепілдік бергені үшін Принципал Банкке банктің тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлейді. Комиссиялық сыйақы сомасы бір жыл 365 күн есебінен Банк Кепілдік берген күннен бастап қоса есептегенде Кепілдік қолданыста болатын мерзімнің соңғы күніне дейін Кепілдік шығарылған күнтізбелік күн санына есептеледі, Кепілдік бойынша міндеттемелер мерзімінен бұрын орындалған жағдайда қайта есептелмейді.

4.2. Комиссиялық сыйақы:

- 1) Кепілдік бергені үшін Банктің тарифтеріне сәйкес төленеді;
- 2) Принципалдың төлем тапсырмасы бойынша шығарылатын Кепілдіктің валютасымен, банктік шоттардан, Кепілгердің кассасына қолма-қол ақша салу арқылы және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілдермен төленеді.
- 3) комиссиялық сыйақыны Принципал Банктің тарифтеріне сәйкес Шарттың деректемелерінде көрсетілген Банктің шотына төлейді.

Принципал комиссиялық сыйақыны Кепілгердің шотына төлейді (*Кепілдік «міндеттемелер толық орындалғанға дейін» атты қолданыс мерзімімен берілген кезде қолданылады*).

4.2.1. Кепілдік беру лимитін ашу үшін алынатын комиссияның төлемін Принципал бір рет жүргізеді.

4.3. Кепілдік күшіне енбеген жағдайда, Кепілдік бойынша міндеттемелердің күші мерзімінен бұрын жойылған немесе есептен шығарылған, Кепілдіктің түпнұсқасы қайтарылған кезде бұрын төленген Комиссия сомалары қайтарылмайды, Өтінішке жасалған кестеге сәйкес төленуі тиіс комиссия сомасын Принципал толық көлемде төлейді.

4.4. Шығарылған кепілдік бойынша талаптарды өзгерткені, яғни Кепілдік сомасын көбейткені, мерзімін ұзартқаны үшін Принципал Кепілгерге Банк тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы төлейді.

4.5. Кепілгер Кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, Принципал Кепілгер Бенефициардың пайдасына ақша сомасын төлегеннен кейін бір жұмыс күні ішінде Кепілгер Бенефициарға төлеген соманы (*бұдан әрі «орындалмаған*

4. ОПЛАТА УСЛУГ ГАРАНТА

4.1. За предоставление Гарантии Принципал уплачивает Банку комиссионное вознаграждение, согласно Тарифам Банка. Сумма комиссионного вознаграждения по выпущенной Гарантии начисляется исходя из расчета 365 дней в году за количество календарных дней, на которые выпускается Гарантия, начиная со дня предоставления Банком Гарантии и включая последний день срока действия Гарантии, без пересчета в случае досрочного выполнения обязательств по Гарантии.

4.2. Уплата комиссионного вознаграждения:

- 1) за предоставление Гарантии производится согласно Тарифам Банка;
- 2) производится в валюте выпускаемой Гарантии, путем оплаты с банковских счетов платежным поручением Принципала, наличными деньгами, вносимыми в кассу Гаранта и другими способами, не противоречащими законодательству РК.

3) комиссионное вознаграждение уплачивается Принципалом согласно Тарифам Банка, на счет Банка, указанный в реквизитах Договора. Комиссионное вознаграждение уплачивается Принципалом на счет Гаранта (*применимо при предоставлении Гарантии со сроком действия «до полного исполнения обязательств»*).

4.2.1. Оплата комиссии за открытие лимита предоставления гарантий осуществляется Принципалом единоразово.

4.3. В случае не вступления в силу Гарантии, при досрочном аннулировании или списании обязательств по Гарантии, возврата оригинала Гарантии, возврат ранее уплаченных сумм Комиссий не производится, сумма комиссий и подлежащая уплате в соответствии с графиком к Заявлению подлежит оплате Принципалом в полном объеме.

4.4. За изменение условий по выпущенной Гарантии: увеличение суммы, продление срока Гарантии Принципал уплачивает Гаранту комиссионное вознаграждение в соответствии с Тарифами Банка.

4.5. В случае исполнения Гарантом обязательств по Гарантии, Принципал обязуется в течение одного рабочего дня, после оплаты Гарантом суммы денег в пользу Бенефициара, перечислить Гаранту деньги в сумме, выплаченной последним Бенефициару

міндеттеме сомасы») Кепілгерге аударуға міндеттенеді.

4.6. Принципал Банкке төлейтін сомаларды Банк берешекті өтеуге келесі кезектілікпен жібереді:

- Комиссиялық сыйақы бойынша өсімпұл сомасын (болған кезде) өтеу;
- Комиссия сомасын өтеу;
- Комиссиялық сыйақы сомаларын өтеу;
- орындалмаған міндеттеме сомасын өтеу.

4.7. Банктің / Кепілгердің жауапкершілігінің артуына немесе өзге жағымсыз салдарға әкеп соғатын Келісімшарттың және/немесе Кепілдіктің және/немесе Принципалдың міндеттемелерінің талаптары өзгерген жағдайда, Кепілдік Банктің/Кепілгердің келісімінсіз ҚР Азаматтық Кодексінің 336-бабының 1-тармағына сәйкес өзінің қолданысын тоқтатады.

4.8. Банкке төленетін комиссиялық сыйақы сомасы Принципалдың Өтінішінде көрсетіледі.

5. КЕПІЛДІКТІ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

5.1. Принципалдың осы Шарт, Лимит туралы келісім, Өтініш бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамсыздандыру болып мүлікті кепілге беру / қардарлық, тұрақсыздық айыбы, үшінші тұлғалардың кепілдіктері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген және ресімделген міндеттемелерді қамсыздандырудың өзге тәсілдері танылады.

5.2. Қамсыздандырудан басқа Принципал өзінің міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін өзінің барлық мүлкімен жауап береді.

6. КЕПІЛГЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Кепілгердің міндеттері:

6.1.1. Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін және кепіл мен қамсыздандырудың басқа да түрлерін тиісті үлгіде ресімдегеннен және тіркегеннен кейін жеткілікті Қамсыздандыру болған кезде, осы Шартта, Лимит туралы келісімде, Өтініште көзделген талаптармен, көлемде және мерзімдерде Кепілдік беру.

6.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды

(далее «сумма неисполненного обязательства»).

4.6. Суммы, выплачиваемые Принципалом Банку, направляются Банком на погашение задолженности в следующей очередности:

- погашение суммы пени по Комиссионному вознаграждению (при наличии);
- погашение суммы Комиссии;
- погашение сумм Комиссионного вознаграждения;
- погашение суммы неисполненного обязательства.

4.7. В случае изменения условий Контракта и/или Гарантии и/или обязательств Принципала по Контракту, влекущие увеличение ответственности или иные неблагоприятные последствия для Банка/Гаранта, без согласия последнего, Гарантия прекращает свое действие в соответствии с п.1 ст.336 Гражданского Кодекса РК.

4.8. Суммы комиссионного вознаграждения Банку указываются в Заявлении Принципала.

5. ОБЕСПЕЧЕНИЕ ГАРАНТИИ

5.1. Обеспечением исполнения обязательств Принципала по настоящему Договору, Соглашению о лимите, Заявлению выступают залог/заклад имущества, неустойка, гарантии третьих лиц и другие способы обеспечения обязательств, предусмотренные и оформленные действующим законодательством Республики Казахстан.

5.2. Помимо Обеспечения, Принципал отвечает по своим обязательствам всем своим имуществом, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

6. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ГАРАНТА

6.1. Гарант обязуется:

6.1.1. предоставить Гарантию на условиях, в объемах и сроки, предусмотренные настоящим Договором, Соглашением о лимите, Заявлением, при наличии достаточного Обеспечения, после получения всей необходимой документации и надлежащего оформления, и регистрации залога, и других видов обеспечения;

6.1.2. обеспечить конфиденциальность условий настоящего Договора, Соглашения о

қоспағанда, осы Шарттың, Лимит туралы келісімнің, Өтініштің талаптарының конфиденциалдылығын қамтамасыз ету.

6.2. Кепілгердің құқықтары:

6.2.1. Кепілдік берілген мерзімнің ішінде кез келген уақытта Принципалдың қаржылық-шаруашылық жағдайын, Кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемелердің орындалу барысын және оның қамтамасыз етілуін тексеріп тұру;

6.2.2. Принципалдан қаржылық есептілікті ұсынуды талап ету;

6.2.3. Принципалға осы Шартты орындауға байланысты қосымша талаптар қою;

6.2.4. Принципалдың Кепілгерде ашылған барлық банктік шоттарындағы ақша қаражатының қозғалысына бақылау жасау;

6.2.5. Принципал осы Шарттың / Лимит туралы келісімнің талаптарын бұзған кезде, сонымен қатар Шартта/Лимит туралы келісімде/Өтініште көзделген қандай да бір төлемдерді жүргізбеген жағдайда, онда аталған төлемдер мерзімінен кешіктірілген кредиттік берешек болып есептеледі және Банк осы Стандарт талаптардың 6.2 және 7.4-тармақтарында көзделген іс-шараларды жүргізуге құқылы, бұл кезде Принципал тарапынан қосымша келісім талап етілмейді.

6.2.6. Принципал осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Принципалдың ағымдағы шотынан тікелей дебеттеу арқылы ақшаны есептен шығару;

6.2.7. Теңгемен және/немесе шетелдік валютамен жасалған ақша аудару операциялары бойынша Кепілгердің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес комиссия ұстай отырып, Кепілгер берген Кепілдік және/немесе контркепілдік бойынша төлем жасау;

6.2.8. Кепілгер Кепілдік бойынша Бенефициардың (аталған төлемдерді алуға құқығы бар басқа да үшінші тұлғалардың) пайдасына қандай да бір төлем жасаған кезде, Принципалдан Кепілгер төлеген сомаларды Кепілгер белгілеген мерзімде бірден өтеуді талап ету.

6.2.9. Кепілдік бойынша Бенефициардың (осы төлемдерді алуға құқығы бар басқа үшінші тұлғалардың) пайдасына қандай да бір төлемдер жүргізілген жағдайда, төленген сома «Кепілдіктер бойынша дебиторлар» шотына

лимите, Заявления за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК.

6.2. Гарант имеет право:

6.2.1. Проверять в любое время в течение срока действия Гарантии финансово-хозяйственное положение Принципала, ход исполнения обеспеченных Гарантией обязательств и ее обеспеченность.

6.2.2. Требовать от Принципала предоставления финансовой отчетности.

6.2.3. Предъявлять дополнительные требования к Принципалу, связанные с исполнением настоящего Договора.

6.2.4. Контролировать движение средств Принципала на всех банковских счетах Принципала открытых у Гаранта.

6.2.5. При нарушении Принципалом условий настоящего Договора/Соглашения о лимите, а также в случаях не проведения каких-либо выплат, предусмотренных Договором/Соглашением о лимите/Заявлением, то данные выплаты признаются кредитной просроченной задолженностью и Банк вправе провести мероприятия, предусмотренные п.6.2 и п. 7.4 настоящих Стандартных условий, при этом дополнительного согласия со стороны Принципала не требуется;

6.2.6. списать деньги с Текущего счета Принципала путем прямого дебетования при неисполнении, либо ненадлежащем исполнении Принципалом своих обязательств по настоящему Договору,

6.2.7. Проводить платеж по Гарантии и/или контргарантии, выданной Гарантом, с удержанием комиссии по переводным операциям в тенге и/или в иностранной валюте, согласно действующим Тарифам Гаранта.

6.2.8. В случае произведения Гарантом каких-либо выплат по Гарантии в пользу Бенефициара (других третьих лиц, имеющих право на получение данных выплат), требовать от Принципала единовременного возмещения выплаченной Гарантом суммы в установленные Гарантом сроки.

6.2.9. В случае проведения каких-либо выплат по Гарантии в пользу Бенефициара (других третьих лиц, имеющих право на получение данных выплат) отнести выплаченную сумму

жатқызылсын және дебиторлық берешекті өтеу үшін:

- Принципалға қызмет көрсететін барлық банктерде ашылған Принципалдың кез келген шоттарындағы ақшаға акцептісіз / даусыз тәртіппен төлем талабын ұсыну, бұл кезде Принципал тарапынан қосымша келісім талап етілмейді.

6.2.6. Оны орындау үшін Принципалдың банктік шотында қолма-қол ақша болған жағдайда, Принципалдың кез келген банктегі банктік шоттарын мерзімінен кешіктірілген берешек сомасының шегінде тікелей дебеттеу. Принципалдың дебеттелетін шотында/шоттарында қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Кепілгер ескертусіз Принципалды төлем бойынша мерзімінен кешіктірушілер санатына жатқызады.

6.2.11. Кепілдік бойынша Бенефициардың (осындай төлемдерді алуға құқығы бар үшінші тұлғалардың) пайдасына қандай да бір төлем жасалған жағдайда, жалпы белгіленген тәртіппен Принципалдың қарыз қаражатын беру туралы өтінішін қарау және қарыз шарты мен қарызды қамсыздандыру бойынша сәйкес шарттар жасау арқылы қарызды ресімдеп, жасалған төлемдердің сомасын Принципалдың несиелік берешегіне қайта ресімдеу. Бұл кезде кредиттеу Банктің ішкі процедураларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.12. ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қамсыздандыруға өндіріп алу қолдану.

6.2.13. Қамсыздандыруды іске асыру есебінен ең алдымен Кепілгердің орындауды (аукцион өткізу және т.б.) алу жөніндегі шығындарын, комиссиялық сыйақыны, кейін тұрақсыздық айыптарын (айыппұл, өсімпұл), қалған бөлігінде борыштың негізгі сомасын өтеу, бұл кезде Кепілгер өтем жасау кезегін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

6.2.14. Кепілгер Кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, Кепілгер өзі орындаған міндеттеме сомасы мен Кепілгерге төленуі тиіс басқа төлемдердің сомаларын Принципалдан қайтаруды талап етуге құқылы болады.

6.2.15. Принципалдың қаржылық жағдайын есепке ала отырып, Кепілдік лимитін

на счет “Дебиторы по Гаранциям” и в погашение дебиторской задолженности:

- предъявить в безакцептном/беспорном порядке платежное требование на деньги, имеющиеся на любых счетах Принципала во всех обслуживающих его банках, при этом дополнительного согласия со стороны Принципала не требуется.

6.2.10. Производить прямое дебетование с банковских счетов Принципала в любых банках в пределах суммы просроченной задолженности, при условии наличия денег на банковском счете Принципала для его исполнения. В случае отсутствия или недостаточности требуемой суммы денег на дебетуемом счете/счетах Принципала, Принципал по умолчанию выносятся Гарантом на просрочку по платежу.

6.2.11. В случае проведения каких-либо выплат по Гарантии в пользу Бенефициара (других третьих лиц, имеющих право на получение данных выплат) переоформить суммы произведенных выплат на ссудную задолженность Принципала, с рассмотрением в общеустановленном порядке заявки Принципала на предоставление заемных средств и оформлением задолженности путем заключения договора займа и соответствующих договоров по обеспечению займа. При этом кредитование осуществляется согласно внутренним процедурам Банка.

6.2.12. Обратить взыскание на Обеспечение, в порядке, установленном действующим законодательством РК.

6.2.13. Погашать за счет реализации Обеспечения прежде всего издержки Гаранта по получению исполнения (проведение аукциона и др.), комиссионное вознаграждение, затем - неустойку (штрафы, пени), а в оставшейся части - основную сумму долга, при этом, Гарант вправе изменить в одностороннем порядке очередность погашения.

6.2.14. В случае исполнения Гарантом обязательств по Гарантии Гарант имеет право регрессного требования к Принципалу на сумму исполненного им обязательства и сумму иных, причитающихся Гаранту платежей.

6.2.15. Пересматривать сумму лимита в сторону уменьшения или увеличения в период

пайдаланған кезеңде лимит сомасын азаю немесе көбею жағына қарай қайта қарастыру.

6.2.16. Шарт / Лимит туралы келісім аясында Принципалдан кез келген ақпаратты немесе құжаттаманы талап ету, сондай-ақ қамсыздандырудың сақталуы мен жобаның бизнес-жоспарға сәйкес іске асырылу барысын тексеру;

6.2.17. Қазақстан Республикасы заң шығарушы органдарының, Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдеріне байланысты, сондай-ақ Банктің Қазақстан Республикасында, шет елдерде ресурстарды алуының жалпы талаптарының өзгеруіне, инфляция қарқынының өзгеруіне, девальвация қарқынының өзгеруіне байланысты ресурстарды қалыптастыру талаптары өзгерген жағдайда, сондай-ақ басқа кез келген жағдайларда, Банк Лимит туралы келісімнің талаптарын, соның ішінде сыйақы мөлшерлемесін және айыппұл санкцияларының мөлшерін, қаржыландыру валютасын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, бұл туралы Принципалға жазбаша түрде хабар берілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша Лимит туралы келісімнің талаптарын өзгерту Принципалға хабарлама жіберілген күннен бастап 10 күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін жүргізілетін болады.

6.2.18. Принципал осы Шартта және Келісімде көзделген міндеттемелерін орындамаған / уақытылы орындамаған, соның ішінде комиссиялық сыйақы төлеу мерзімін бұзған жағдайда немесе Банк Кепілдік бойынша Бенефициарға төлем жасаған жағдайда, осы Келісімнің 7.4-тармағына сәйкес Принципалдың кез келген банктік шотынан ақшаны даусыз, акцептісіз тәртіппен алу. Банк Кепілдіктер бойынша Бенефициардың пайдасына төлем жасаған, Принципал тарапынан осы сома Банкке өтелмеген және/немесе талап етілген ақша сомасы Принципалдың дебеттелетін шотында/шоттарында жеткіліксіз болған жағдайда, бастапқы күйі бойынша Принципалдың Лимит туралы келісім мен Қосылу шарты бойынша мерзімінен кешіктірілген берешегі туындайды деп есептеледі. Бұл кезде Банк Кепілдік бойынша Бенефициарға төлем жасаған және Принципал Банк алдында төлем сомасын өтеген жағдайда, осы сома мерзімінен кешіктірілген

использования Лимита гарантий с учетом финансового состояния Принципала;

6.2.16. Затребовать любую информацию или документацию Принципала в рамках Договора/Соглашения о лимите, а также производить проверку сохранности Обеспечения и хода реализации проекта в соответствии с бизнес-планом;

6.2.17. В случае изменения условий формирования ресурсов, связанных с решением законодательных органов, Правительства Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан, а также, в связи с изменением общих условий получения Банком ресурсов как в Республике Казахстан, так и за рубежом, изменением темпов инфляции, изменением темпов девальвации, при наличии просрочки, а также в любых других случаях, Банк имеет право в одностороннем порядке изменять условия Соглашения о лимите, в том числе, ставку вознаграждения и размер штрафных санкций, валюту финансирования, о чем Принципал уведомляется в письменном виде. Изменение условий Соглашения о лимите по вышеуказанным основаниям будет производиться по истечении 10-ти календарных дней со дня направления уведомления Принципалу.

6.2.18. В случае невыполнения/несвоевременного выполнения Принципалом своих обязательств, предусмотренных настоящим Договором и Соглашением, в том числе нарушения сроков комиссионного вознаграждения, либо в случае осуществления выплаты Банком по Гарантии Бенефициару, изъять в беспорном, безакцептном порядке денег с любых банковских счетов Принципала согласно п. 7.4 настоящих Стандартных условий. В случае осуществления Банком выплат по Гарантиям в пользу Бенефициара отсутствия возмещения Банку данной суммы со стороны Принципала и/или недостаточности требуемой суммы денег на дебетуемом счете/счетах Принципала, то считается, по умолчанию, что у Принципала возникает просроченная задолженность по Соглашению о лимите и Договору присоединения. При этом, в случае осуществления выплаты Банком по Гарантии Бенефициару и при погашении перед Банком сумм выплат Принципалом, то данная сумма

болып табылады және Банк Кепілдік бойынша төлем жасаған күннен бастап есептеледі;

4.7.5. төмендегі жағдайларда, яғни:

- Принципал Шартта және/немесе Лимит туралы келісімде көзделген талаптар мен міндеттемелерді орындамаған/тиісті дәрежеде орындамаған;
- Принципалдың міндеттемелері әртүрлі себептермен қамсыздандырылмаған (немесе сондай қауіп төнген);
- банк қызметін реттейтін органдар тарапынан іс жүргізу нормативтерін қадағалау қажеттігі туындаған;
- Принципал жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан өз бетінше талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылған;
- Принципалдың мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынған және/немесе мүлкіне өндіріп алу қолданылған немесе осындай жағдайлардың пайда болу қауіпі төнген;
- Принципал Лимит туралы келісім бойынша қамсыздандырудың болуы (оның жағдайы) туралы шынайы мәліметтер бермеген;
- уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторингтің нәтижесі бойынша Принципалдың қаржылық жағдайы нашарлаған (соның ішінде:
 - түсімнің төмендеуі, алдыңғы қаржылық кезең бойынша алынған теріс операциялық және таза пайданың болуы, дебиторлық, кредиторлық берешектің, қорлардың айналымдылық мерзімдерінің өсуі, қаржылық левередждің өсуі, сатылымдардың рентабельділігінің, өтімділік коэффициенттерінің күрт төмендеуі және т.б.);
 - Принципалдың Банктегі шоттарындағы ақша айналымдары кепілдік сомасынан кем сомаға төмендеген;
 - кепілдік қамсыздандыру жойылған/жоғалған;
 - кепіл мүлкінің нарықтық құны берешек сомасынан кем сомаға төмендеген;
 - мониторинг жүргізу үшін Принципал қаржылық есептілікті бермеген немесе уақытылы бермеген;

является просроченной и исчисляется с даты выплаты Банком по Гарантии;

6.2.19. В одностороннем порядке приостановить предоставление Гарантий в рамках Соглашения о лимите в случае:

- неисполнения/не надлежащего исполнения Принципалом условий и обязательств, предусмотренных Договором и/или Соглашением о лимите;
- если обязательства Принципала окажутся по различным причинам необеспеченными (или существует реальная угроза этого);
- необходимости соблюдения пруденциальных нормативов со стороны органов, регулирующих банковскую деятельность;
- Принципал вовлечен в судебный процесс в качестве ответчика и/или третьего лица, не заявляющего самостоятельные требования на стороне ответчика;
- на имущество Принципала и его счета наложен арест и/или обращено взыскание на имущество либо существует реальная угроза наступления данных событий
- Принципал представил недостоверные сведения о наличии (состоянии) обеспечения по Соглашению о лимите;
- ухудшения финансового состояния Принципала, выявленного по результатам мониторинга, проводимого Банком в соответствии с требованиями нормативного правового акта уполномоченного органа (в т.ч.:
 - снижение выручки, отрицательные операционная и чистая прибыль за предыдущие финансовые периоды, рост сроков оборачиваемости дебиторской, кредиторской задолженности, запасов, рост финансового левережда, резкое снижение рентабельности продаж, коэффициентов ликвидности и т.д.);
 - снижения оборотов денег на счетах Принципала в Банке менее суммы Гарантий;
 - утраты/утери залогового обеспечения
 - снижения рыночной стоимости залогового имущества, менее суммы задолженности;
 - не предоставления либо несвоевременного предоставления финансовой отчетности Принципалом для проведения мониторинга;

- Принципалдың есеп айырысу шоттары бойынша картотека болған (инкассалық талаптар ұсынылған);
 - болашақ кезеңдерде келісімшарттар бойынша өндіріс көлемі азайған немесе болмаған, кәсіпорынның өндірістік қызметі болмаған немесе уақытша тоқтатылған, бизнес-жоспардан ауытқыған, Қарыз алушының қызмет бағыты ауысқан;
 - бюджет алдында берешек (салықтар және өзге міндетті алымдар бойынша) болған;
 - Қолданыстағы заңнаманың Банктің осы Шартты / Лимит туралы келісімді тиісті дәрежеде орындауына әсер ететін талаптары өзгерген;
 - Банктің қаржылық резервтерін құру көздері өзгерген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдарының, Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімдеріне байланысты және Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасынан тыс жерде ресурстар арудың жалпы талаптарының өзгеруіне байланысты Банктің ресурстарды құру талаптары өзгерген;
